

АЙМАҚ АҚШАМЫ

№12 (081) СЕЙСЕНБІ

2 сәуір 2024 жыл

САЯСИ-ҚОҒАМДЫҚ, ТАНЫМДЫҚ-САРАПТАМАЛЫҚ, АҚПАРАТТЫҚ-ЖАРНАМАЛЫҚ ГАЗЕТ



КЕҢГІР ТОЛДЫ КЕМЕРІНЕ

Айналаны су алып жатыр. Ел әбігерге түсті. Адам аман болғанмен, қаншама үйлер су астында қалды, қыстан өзгер шыққан малдың қаншасы сумен бірге ығып кетті. Бүгінде әрбір қазақ «Шығынның орны толар ел аман, жұрт тыныш болсын» дейтін тілектің үстінде жүр.

«Көппен көрген ұлы той» демекші, еліміздің бірқатар өңірін жайлаған су тасқыны Ұлытау аймағын да айналып өткен жоқ. Облыстың 30-ға тарта елді мекеніне су басу қаупі төнді. Кейбір жолдарды су басып қалды. Жезді кентінде, Сарысу, Жаңаарқа ауданының бірқатар ауылдарында ахуал асқынып кете жаздады. Тіпті, Жезді

кентінде төтенше жағдай жариялауға тура келді.

Қазіргі кезде тасқынның саябырсығаны байқалады. Бірақ, бұған қарап тоқмейілсуге болмайды. Өйткені, даладағы, әсіресе, Қарағанды облысымен шектесетін тұстағы қар әлі толық ери қойған жоқ. Сондықтан, қауіп сөйілді деуге ерте.

«Әр жамандықтың бір жақсылығы болады» дейтіні бар қазекемнің. Шынында да, су тасқыны көптен бері жеткілікті су көрмей, кенезесі кеберсіп қалған Кеңгірді суға толтырды. Мұнда жоспарлы су ағызу жұмыстары сәтті жүргізілді. Кеңгірдің жалпы сыйымдылығы 317 млн. текше метр құраса, қазіргі таңда

мұнда 304 млн. текше метр су жиналды. Осылайша, халықтың көңілі бір көтеріліп қалды.

Су – тіршілік нәрі. Судың мол болғаны жақсы. Тек тасқын тосын жағдайларға ұрындырмасын деп тілейік.

**Абдолла
НҰРТАУҰЛЫ**

СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ

«Сәтбаев қалалық мәслихатының аппараты» мемлекеттік мекемесі 3-45-23 сенім телефоны жұмыс істейді. Осы телефон арқылы қала тұрғындары аталған мекеме қызметкерлерінің мемлекеттік қызметшілердің ар-намыс кодексінің, мемлекеттік қызмет және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы заң нормаларын бұзғандығы туралы фактілерді хабарлауларына болады. Жұмыс уақыты 9:00 – 18:30-ға дейін. Email: Satp_maslihat@krg.gov.kz

ТЕЛЕФОН ДОВЕРИЯ

ГУ «Аппарат Сатпаевского городского маслихата» сообщает, что в аппарате маслихата работает телефон доверия 3-45-23 с режимом работы с 9:00 до 18:30 часов, по которому жители города могут сообщить о фактах нарушения сотрудниками данного учреждения норм Кодекса чести государственных служащих, законодательства о государственной службе и борьбе с коррупцией. Email: Satp_maslihat@krg.gov.kz

ӘДЕП ЖӨНІНДЕГІ УӘКІЛДІҢ РӨЛІ

Әдеп жөніндегі уәкіл – қызметтік әдеп нормаларының сақталуын және Мемлекеттік қызмет, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнаманы және Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің әдеп кодексін бұзушылықтардың профилактикасын қамтамасыз ету жөніндегі қызметті жүзеге асыратын, сондай-ақ өз функциялары шегінде мемлекеттік қызметшілер мен азаматтарға кеңес беретін мемлекеттік қызметші.

Әдеп жөніндегі уәкілдің функциялары ұжымда танылған және құрметке ие болған мемлекеттік қызметшіге жүктеледі.

Әдеп жөніндегі уәкіл өз құзыреті шегінде мынадай функцияларды жүзеге асырады:

1. Мемлекеттік қызметшілерге Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы заңнамасының және Әдеп кодексін талаптарын сақтау мәселелері бойынша консультациялық көмек көрсетеді;

2. Мемлекеттік қызметшілердің заңдарда белгіленген шектеулер мен тыйымдарды сақтауына ықпал етеді;

3. Өзі жұмыс істейтін мемлекеттік орган басшылығының тапсырмасы бойынша мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдеп нормаларын бұзу фактілері бойынша жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарайды;

4. Ұжымда жалпы қабылданған моральдық-этикалық нормаларға сәйкес келетін қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыруға ықпал етеді;

5. Мемлекеттік қызметшілердің құқықтары мен заңды мүдделері бұзылған жағдайларда оларды қорғауға және қалпына келтіруге бағытталған шаралар қолданады;

6. Мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдеп нормаларын сақтауына мониторинг пен бақылауды жүзеге асырады;

7. Мемлекеттік органның басшылығына мемлекеттік органдардың



Мемлекеттік қызметшінің этикасын сақтау мәселелері бойынша мына мекен-жайға хабарласуға болады: Сәтбаев қаласы, Сәтбаев қаласы, 108, сенім телефоны: 37575.

құрылымдық бөлімшелері басшыларының қызметтік әдеп нормаларын бұзу фактілері бойынша тиісті шаралар қабылдауға жағдайлары туралы хабарлайды;

8. Мемлекеттік қызметшілер Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы заңнамасын және Әдеп кодексін бұзған жағдайларда құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларға талдау жүргізеді және мемлекеттік органның басшылығына оларды жою жөнінде ұсынымдар енгізеді;

9. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы заңнамасын және Әдеп кодексін бұзудың алдын алу және оған жол бермеу,

сондай-ақ мемлекеттік қызметтің оң имиджін қалыптастыру мақсатында азаматтық қоғам институттарымен және мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл жасайды;

10. Мемлекеттік қызметшілермен Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы заңнамасын және Әдеп кодексін сақтау мәселелері бойынша түсіндіру жұмыстарын тұрақты негізде жүргізеді;

11. Заңнамада белгіленген тәртіппен тиісті лауазымды адамдарға қызметтік әдеп нормаларын бұзуға жол берген мемлекеттік қызметшілердің жауапкершілігін қарау туралы ұсыныспен жүгінеді;

12. Қызметтік әдеп нормаларын бұзудың алдын алу мақсатында өзге

де қызметті жүзеге асырады.

Лауазымдық өкілеттіктерін тиісінше орындамауға әкеп соғуы мүмкін Мемлекеттік орган басшыларының бейтараптығына (мүдделер қақтығысына) негізделген күмән тудыратын мәнжайлар болған кезде Әдеп жөніндегі уәкіл өз қызметін дербес негізде жүзеге асырады.

Әдеп жөніндегі уәкіл мемлекеттік қызметшілерді және өзге де азаматтарды оның функцияларына жатқызылған мәселелер бойынша жалпыға бірдей көруге болатын орындарда орналастырылған кестеге сәйкес қабылдауды жүзеге асырады.

Қажет болған жағдайда азаматпен немесе мемлекеттік қызметшімен әңгімелесу телефон арқылы не ақпараттық тиісінше берілуін қамтамасыз ететін басқа да коммуникация құралдарын пайдалана отырып жүргізілуі мүмкін.

Әдеп жөніндегі уәкілге қызметшілер мен азаматтар проблемалық жағдайларды реттеу, әріптестермен өзара қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыруға жәрдемдесу бойынша кеңес беру үшін көмек сұрай алады.

Этикалық бақылау және сыбайлас жемқорлықтың алдын алу тетіктерін үнемі жетілдіру мемлекеттік қызметтің оң имиджін нығайтуға оң әсерін тигізетіні сөзсіз.

Мемлекеттік қызметшілердің мінез-құлқының негізгі стандарттарын белгілеу және олардың сақталуын жүйелі бақылау халықтың мемлекетке деген сенімін арттыруға, мемлекеттік қызметте өзара қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыруға, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама мен қызметтік әдеп нормаларының бұзылуының алдын алуға ықпал ететін болады.

Сәтбаев қаласы әкімі аппаратының Әдеп жөніндегі уәкілі – Сәтбаев қаласы аппаратының басшысы Ақтолкен БЕГЕЖАНОВА.

СОТ ТӨРЕЛІГІН ЖЕТІЛДІРУ ЗАМАН ТАЛАБЫ

Қазақстан Республикасы Конституциясының 75-бабына, Конституциялық заңының 1-бабына сәйкес, сот төрелігін тек сот қана жүзеге асырады.

Республиканың сот жүйесі Республика Конституциясымен және конституциялық заңдарымен белгіленеді. Сот билігі Қазақстан Республикасының атынан жүзеге асырылады және өзіне азаматтар мен ұйымдардың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін қорғауды, Республиканың Конституциясының, заңдарының, өзге де нормативтік құқықтық актілерінің, халықаралық шарттарының орындалуын қамтамасыз етуді мақсат етіп қояды.

Соттар шешімдерінің, үкімдері мен өзге де қаулыларының Республиканың бүкіл аумағында міндетті күші болады.

Судья сот төрелігін іске асыру кезінде тәуелсіз және Конституция мен заңға ғана бағынады.

Сот төрелігін іске асыру жөніндегі соттың қызметіне қандай да болсын араласуға жол берілмейді, және ол заң бойынша жауапкершілікке әкеп соғады. Нақты істер бойынша судьялар есеп бермейді.

Заңды қолданған кезде судья төмендегі принциптерді басшылыққа алады:

1) адамның кінәлі екендігі заңды күшіне енген сот үкімімен танылғанша ол жасалған қылмысқа кінәлі емес деп есептеледі;

2) бір құқық бұзушылық үшін ешкімді де қайтадан қылмыстық немесе әкімшілік жауапқа тартуға болмайды;

3) өзіне заңмен көзделген соттылығын оның келісімінсіз ешкімнің өзгертуіне болмайды;

4) сотта әркім өз сөзін тыңдатуға құқылы;

5) жауапкершілікті белгілейтін немесе күшейтетін, азаматтарға жаңа міндеттемелер жүктейтін немесе олардың жағдайын нашарлататын заңдардың кері күші болмайды. Егер құқық бұзушылық жасалғаннан кейін ол үшін жауапкершілік заңмен алынып тасталса немесе жеңілдетілсе, жаңа заң қолданылады;

6) айыпталушы өзінің кінәсіздігін

дәлелдеуге міндетті емес;

7) ешкім өзіне-өзі, жұбайына (зайыбына) және заңмен белгіленген шектегі жақын туыстарына қарсы айғақ беруге міндетті емес. Діни қызметшілер өздеріне сеніп сырын ашқандарға қарсы куәгер болуға міндетті емес;

8) адамның кінәлі екендігі жөніндегі кез келген күдік айыпталушының пайдасына қарастырылады;

9) заңсыз тәсілмен алынған айғақтардың заңды күші болмайды. Ешкім өзінің жеке мойындауы негізінде ғана сотталуға тиіс емес;

10) қылмыстық заңды ұқсастығына қарай қолдануға жол берілмейді.

Соттардың Конституциямен баянды етілген адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарына нұқсан келтіретін заңдар мен өзге де нормативтік құқықтық актілерді қолдануға хақысы жоқ. Егер сот қолданылуға тиісті заң немесе өзге де нормативтік құқықтық акт Конституциямен баянды етілген адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарына нұқсан келтіреді деп тапса, іс жүргізуді тоқтата тұруға және осы актіні конституциялық емес деп тану туралы ұсыныспен Конституциялық Кеңеске жүгінуге мін-

детті.

Қазақстан Республикасында сот төрелігін жүргізу тәртібі, сондай-ақ, сот құрылымы мен судьялар мәртебесі Конституцияда, 2000 жылғы 25 желтоқсанда қабылданған «Сот жүйесі және судьялар мәртебесі туралы» Конституциялық Заңда анықталған.

Сот жазалаушы орган емес, кінәсін анықтап, мәселені әділ шешуге арналған орган.

Сот төрелігі - құқықтық демократиялық қоғамда барлық даулы мәселелер сот арқылы шешімін табады. Осыған орай, азаматтардың құқығын қорғауда сот төрелігінің атқарар міндеті зор. Жыл өткен сайын сот қарайтын істер қатары көбейіп, судьяларға жүктелер міндеттердің де зор екендігін статистикалық деректерден байқауға болады. Қарапайым халыққа құқықтық көмек көрсетіп, құқықтық мәдениетті қалыптастырып, азаматтардың сот жүйесіне деген сенім деңгейін арттыру мақсатында, сот жұмысының ашықтығы мен қолжетімділігі аз рөл атқармаса керек.

**Д.ИБРАЕВ,
Сәтбаев қалалық сотының төрағасы**

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ШТАБТЫҢ ОТЫРЫСЫН ӨТКІЗДІ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен Су тасқынына қарсы шараларды үйлестіру және қарғын су жүру кезеңінің салдарын жою жөніндегі республикалық штабтың отырысы өтті.

– Биылғы қарғын су ауқымы жағынан соңғы 30 жылдағы ең ірі су тасқыны саналған 2012 және 2017 жылдардағы деңгейден асып кетті. Бұл нені білдіреді? Болжам жұмыстары мүлдем болмаған. Жағдай салалық мамандардың тапшылығынан туындап отыр. Егер әкімдіктер жыл сайын су тасқынына қарсы жоспарланған барлық іс-шараны тиісті деңгейде жүзеге асырғанда, ауа-райы жағдайын ескергеннің өзінде, апаттың салдары мен ауқымы мұншалықты болмас еді. Соған қарағанда, әкімдіктер бұл жұмыстармен айналыспаған. Қазір су тасқынынан төнетін қауіп сөйілді деуге келмейді. Сондықтан Ішкі істер министрлігінің, Ұлттық ұланның, Қарулы Күштердің, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің барлық күші мен құралын, оның ішінде кадрлық және техникалық ресурсын барынша жұмылдыру қажет. Сонымен қатар еріктілерді, жәрдем бергісі келетін азаматтарды тарту керек. Алайда, ең бастысы – мемлекеттік органдар. Ахуал кез келген сәтте ушығып кетуі мүмкін. Қазіргі басты міндет – адам шығынына жол бермеу. Бұл орайда жіберілген қателіктер мен олқылықтарды ескеруіміз қажет, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев Үкіметке, құзырлы мемлекеттік органдарға және облыстардың әкімдеріне бірқатар тапсырма берді.

– Су тасқынынан зардап шеккен адамдарға тиісті барлық көмек көрсетілсін. Бұл мақсатқа Үкіметтің және әкімдіктердің резервін ғана емес, «Қазақстан халқына» қорының қаржысын да пайдалану қажет. Осындай жауапты сәтте еліміздегі бизнес өкілдерін халыққа қол ұшын созуға шақырамын. Апаттан зардап шеккен азаматтарға және аймақтарға барынша қолдау көрсету керек. Бұл – дәл қазіргі кезеңде баршаға ортақ міндет. Қарғын судан қатты шығынға ұшыраған батыс аймақтарда ірі кәсіпорындар көп. «Самұрық-Қазына» қорына қарасты компаниялар, жер қойнауын игерушілер бар. Олар халыққа жәрдем беріп, бүлінген инфрақұрылымды қалпына келтіруге атсалысады деп сенемін, – деді Мемлекет басшысы.

Президент су басқан аймақтарда әлеуметтік маңызы бар қызметтер мен азық-түлік бағасының өсуіне жол бермеу мәселесіне Үкімет назарын аударды.

– Су тасқыны мен өртке қатысты жағдай жыл сайын қайталанады. Жауапты органдар мен салалық қызметтердің (Қазсушар, Қазгидромет) жо-



балау, сараптама жасау жұмыстары нашар ұйымдастырылған. Тиісті шаралар, негізінен, жағдай орын алғаннан кейін немесе толыққанды болжам жасалмай қабылданады. Сондықтан бізге дағдарыс жағдайларын болжаудың нақты тетігі өте қажет. Цифрлық даму министрлігі Экология, Су ресурстары және Төтенше жағдайлар министрліктерімен бірлесіп жыл соңына дейін барлық ықтимал төтенше жағдайларды (су тасқыны, өрт және т.б.) модельдеуге, тиісті болжамдар, ұсынымдар мен іс-қимыл жоспарын жасауға мүмкіндік беретін ақпараттық жүйе әзірлеуге тиіс. Айтпақшы, Үкімет пен жергілікті атқарушы органдар, ең алдымен, облыстардың әкімдері жазғы маусымға да дайын болуы қажет. Өрт немесе басқа да табиғи апаттардың болуы әбден мүмкін. Қазіргідей қамсыз отырмай, алдын ала әрекет ету керек. Су тасқынын көргенде, көктен түскендей абдырап қалдыңыздар. Осы ретте еліміздің шығыс өңірлеріндегі су тасқынын модельдеу жөніндегі ТЖМ мен «Қазақстан Ғарыш Сапары» ұлттық компаниясының бірлескен жұмыс тәжірибесін қолдануға болады, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент қарғын суды ауыл шаруашылығы қажетіне жарату үшін жоспар әзірлеу және пәрменді шаралар қабылдауды тапсырды. Оның айтуынша, әкімдіктер еріген қар суын елді мекендерден өзен арналарына немесе тоғандарға бұру жұмыстарын жүргізуі керек.

Мемлекет басшысы Үкімет бекіт-

кен Су ресурстарын басқару жүйесін дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасын сынға алды. Оның пікірінше, тұжырымдаманы жүзеге асыру жөніндегі іс-қимыл жоспары декларативтік сипатқа ие. Құжат су тасқыны салдарынан болатын шығынның алдын алу және азайту мәселесін кешенді түрде шешуге мүмкіндік бермейді. Сондықтан тұжырымдаманы қайта қарау жөнінде міндет жүктелді.

– Құзырлы мекемелер, яғни әкімдіктер, Төтенше жағдайлар министрлігі, Су ресурстары министрлігі бірлесіп жұмыс жасамайды. Жауапкершілік алу дан қашады. Жұмысты бір-біріне сілтеп отырады. Жағдай осылай жалғасатын болса, тиісті қызметкерлерді лауазымынан босату қажет. Ең басты критерий – мемлекеттік қызметшілердің тиімділігі. Мемлекеттік органдар және әкімдіктер арасында нақты әрі тұрақты байланыс алгоритмі жоқ. Тиісті министрлік еліміздің табиғи апаттарға дайындығын қадағалап отыруы қажет. Бұл – министрліктің негізгі мақсаты. Осы мәселеге баса назар аудару керек. Министрлік гидротехникалық және басқа да маңызды нысандардың жағдайын тексеріп, шынайы мәлімет беріп отыруға тиіс, – деді Президент.

Мемлекет басшысы су тасқыны мәселесі бойынша халықаралық тәжірибені, өзге елдердің қарғын суды қалай игеретінін мұқият зерттеу қажет екенін айтты.

Жиын барысында Қасым-Жомарт Тоқаев елімізде су ресурстары, ирригация салалары бойынша техникалық

мамандардың тапшылығына назар аударды. Осыған қатысты Үкіметке шұғыл түрде шешім қабылдауды тапсырды.

– Тағы да қайталап айтамын. Тасқынның алдын алу ісіне әрбір лауазым иесі тікелей жауап беруге тиіс. Сіздердің жұмыстарыңызды немқұрайлы және кәсіби міндетке сай келмейді деп бағаладым. Соның салдарынан азаматтарымыз үлкен материалдық шығынға ұшырады. Олар денсаулығы мен әлауқатына зиян келтіретін тұрмыстық қолайсыздықтарға тап болды. Әрине, мемлекет шығынды өтеу үшін шаралар қабылдайды. Азаматтарға айтарым, алаңдамаңыздар. Мемлекет, сондай-ақ кәсіпкерлер барлық шығынды өтеп береді. Бірақ қаржылық және саяси шығындар орасан зор. Оны да ескеру керек. Сондықтан Үкіметке жүктелер жұмыс көп. Қысқасы, талап қатаң болады, – деді Президент.

Отырыс барысында Премьер-Министр Олжас Бектенов, Төтенше жағдайлар министрі Шыңғыс Әрінов, Ақтөбе облысының әкімі Асхат Шахаров, Батыс Қазақстан облысының әкімі Нариман Төреғалиев, Қостанай облысының әкімі Құмар Ақсақалов, Шығыс Қазақстан облысының әкімі Ермек Көшербаев, Қарағанды облысының әкімі Ермағанбет Бөлекпаев, Ақмола облысының әкімі Марат Ахметжанов, Солтүстік Қазақстан облысының әкімі Ғауез Нұрмұханбетов, Ұлытау облысының әкімі Берік Әбдіғалиұлы және Абай облысының әкімі Нұрлан Ұранхаев баяндама жасады.

akorda.kz. 01 сәуір, 2024 жыл

ХАБАРЛАМА

Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат вице-министрінің 06.03.2024 жылғы хатына сәйкес, «Сәтбаев қаласының мемлекеттік архиві» КММ «Архивтік анықтамалар, архивтік құжаттардың көшірмелерін немесе архивтік үзінді көшірмелерін беру» мемлекеттік қызметін «Электрондық үкімет» порталы арқылы алу (www.egov.kz) және «eGovmobile»

электрондық үкіметінің мобильді қосымшасы» уақытша тоқтатылғандығын хабарлайды. Осыған орай, Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2020жылғы 29 мамырдағы 159 бұйрығымен бекітілген «Архив ісі саласында мемлекеттік қызметтер көрсету қағидаларын бекіту туралы» қағидасына сәйкес, жеке және заңды тұлғаларға «Архивтік анықтама, архивтік құжаттың

көшірмесі немесе архивтік үзінділерді беру» мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі төмендегідей көрсетіледі.

Архивтік құжаттардың орналасқан жеріне қазпошта арқылы өтінішті жіберу;

Мемлекеттік архивтің қызмет берушінің кеңсесіне.

Барлық сұрақтар бойынша телефон арқылы хабарласуға болады: **8 (71063) 3-74-36**

ҰСТАЗ ҰЛАҒАТЫ



Василий ШТИФАНОВ

Шынында да, адам ғұмыры өзінің ө дегендегі ойлағанындай бола бермейді де екен. Неге десеңіз, күні бүгінге дейін «Мен Қанекеңе кездеспесем, дәл бүгінгідей Василий Иванович болар ма едім, болмас па едім?» дегенді ойыма ала беремін де, оған өзім «Қанекең болмаса, онда мен кімін, ғұламаға шәкірт еткен, оның соңына ерткен Құдайыма мың алғыс» деп жауапты да өзім қайтарамын. Бұл – менің шын ойым, шын көңілім. Ал «Қанекеңе қалай кездестім, оның соңына қалай ердім?» дегенге келсек, ол – бір ұзақ дастан. Оның бәрін тәптіштеп айтып беруге бір адамның ғұмыры да жетпестей... Дегенмен, ой түбінде жатқанды қозғап көрейін. Онда «Қазақстанның осы бір шетсіз де шексіз кең сахарасына қалған ғұмырымды мәңгілік арнаймын» деп ойламаппын да. Өзімнің ұлағатты ұстазыммен 1935 жылы кездескен екенмін. Мен ол кез-де Қазақ кен-металлургия институтында үшінші курста оқитынмын. Сол жылы өндірістік тәжірибе жинақтау үшін Қазақстандағы металлургияның қарашаңырағы атанып жүрген Қарсақбайға, ондағы Жезқазған геологиялық барлау кеңсесіне келдім. Шынын айтайын, ең алғаш бұл жерге табаным тигеніне қуанған жоқпын. Елсіз, ұшы-қиыры жоқ, құлазыған жердегі өмір көңілді жабырқатып жіберетін-дей көрінді. Бірақ геологиялық барлау кеңсесіне келгенімде сол бір жабырқа ған жаным әп-сәтте жадырап қоя берді. Өйткені алдымнан Қанекемдей маңдайы кере қарыс, үлкен жүректі абзал аға шыға келмесі бар ма! Геологиялық барлау кеңсесінің табалдырығын аттаған мені қарапайым жазу столында отырып, қолындағы кен кесегіне үңіле көз салған, толқынды бұйра шашты, келбетті жүзінде жайдарылықтың сөнбес табы бар, ақжарқын адам қарсы алды. Бұл – Қаныш Сәтбаев болатын. Ол

АВТОР ТУРАЛЫ АНЫҚТАМА: ВАСИЛИЙ ИВАНОВИЧ ШТИФАНОВ 1928 ЖЫЛЫ 14 ҚАЗАНДА ТУҒАН, 1998 ЖЫЛЫ 28 ҚАЗАНДА ҚАЙТЫС БОЛҒАН. 1937 ЖЫЛЫ ҚАЗАҚ ТАУ-КЕН МЕТАЛЛУРГИЯ ИНСТИТУТЫН БІТІРГЕН. 1941-1982 ЖЫЛДАРЫ ЖЕЗҚАЗҒАН ГЕОЛОГИЯЛЫҚ БАРЛАУ ЭКСПЕДИЦИЯСЫНЫҢ БАСТЫҒЫ БОЛДЫ. СОЦИАЛИСТІК ЕҢБЕК ЕРІ. СӘТБАЕВ ЖӘНЕ ЖЕЗҚАЗҒАН ҚАЛАЛАРЫНЫҢ ҚҰРМЕТТІ АЗАМАТЫ.

менің жүдеулеу, шаршаңқы түріме зерлей бір көз салып, жіті қарап шықты. Бәлкім, сол сәтте ол да өзінің сол бір сүреңсіз жылдардағы студенттік өмірін еске алды ма екен, кім білсін? Қалай десек те, ол мені өзіне бірден баурап алды. Бірден хал-жағдайымды сұрап біліп, жақынындай жанына тартып алды. Сонда-ақ мен оған таңғалдым.

Бұған дейін орыс тілін таза, ешбір қоспасыз ашық, өз мәнінде, нақыш бояуын бұзбай сөйлейтін қазақты кездестірген жоқ едім. Сөйлескен сайын ол мені өзіне тарта түсті. Ертесіне Қанекең кен-барлау бөлімінің өзі де жетімсіз қаражатына қарамастан менің үстімді бүтіндеп, күзгі киім алып киюге көмектесті. Ініге ағасының қамқорлығы да осындай-ақ болар!

Мені Қанекең Жезқазған кенішіндегі барлау жұмысына жіберді. Тұңғыш рет жер асты кенінің байлығын барладым. Қанекең институттан алған білімімді тәжірибеде сынауға мол мүмкіндік беріп қана қойған жоқ, қайта оған өзі басшылық жасап, жетекшілік етті. Қанекеңмен бірге жерасты барлау жұмыстарын жүргізген күндерім күні бүгінге шейін есімнен кетпейді. Ол кісі қай іске болса да өте мұқият зер салып отыратын. Екі сөзінің бірінде: «Жезқазған жерінің мысы өзінің қоры жағынан әлемде еш теңдесі жоқ», – деп отыратын. Және де оны өзінің ғылыми-зерттеу дәлелдемелерімен нақтылай түсетін. Тамаша ұстаз, қарапайым да кішіпейіл басшымен жұмыс істеу мені жалықтырған жоқ. Қайта еңбекке құлшындырып, ширата түсті. Тәжірибе мерзімі бітіп, институтқа қайтар мезгіл де жетті. Азды-көпті атқарған еңбегім ұнады ма, әйтеуір, Қанекемнің маған ерекше ықыласы ауып, оқу бітірісімен ешқайда бұрылмастан тұп-тура Жезқазған жеріне ат басын бұруға уәде алды. Қол алысып, серт беріскендей болдық. Ал ол жылдары сонау Оралдың, Сібірдің, Қиыр Шығыстың, жалпы еліміздің кен қоры көп аймағының қаймағы бұзылмай жатқан кез болатын. Оны барлап, анықтап, пайдаға жарататын маман геологтар жетіспейтін. Барының да көбі әртүрлі жаламен ұсталып, айдалып кеткен кез болатын. Сол себепті ме, біз оқу бітіргенде мамандарды бөлуді Үкімет комиссиясы қарап, тиісті жерге жіберетін. Мені Оралға жібермекші болды. Менің Жезқазғанға барамын дегеніме комиссия қарсылық білдірді. Мен де

айтқанымнан қайтпадым. Себебі ар жағымда Қаныш Имантайұлына берген уәдем бар. Одан аттап өтуге болмайды. Жағдайды баяндап Қанекеңе хабарластым. Сол-ақ екен, Қанекеңнің Үкімет комиссиясына Жезқазған жерінің келешегіне көз жіберген өз тұжырымын дәлелдеген хаты, соның ішінде оған маман керегін айттып, мені шақыртуы келді. Сөйтіп, ұлы адамның тағы да бір шарапаты арқасында мен Жезқазған жеріне нық қадам басып, оның ізімен Арқа өңірін аралауға бет бұрдым. Содан кейінгі барлық ғұмырым Қанекең есіміне байланысты өтті. Содан да болар, ұлы ғұламань МЕНІҢ ҚАНЕКЕМ деп, басқаға телімей, өзіме бұра айтамын. Ғұлама ғалым өз қарауындағы жас мамандарға үнемі қамқорлық жасап, білгенін үйретіп отыратын. Өн бойында жылылық пен жақсылық лебі есіп тұратын қасиеті айқын байқалушы еді. Ең біріншіден, еңбекті бағалайтын. Қандай тапсырманы болса да өз мезгілінде, ойдағыдай атқарғанды қалайтын. Өзі де солай істейтін. Еңбек ете жүріп ғылыми ізденісін, зерттеулерін бір сәтке де тоқтатқан жоқ. Отызыншы жылдары бастаған ғылыми еңбегінің ең бір көлемді тарауы «Жезқазған мыс кені ауданы және оның минералдық ресурстары», «Жезқазған екінші бесжылдықта» деген еңбектері барлаушыларды өте қуантқан тың туынды болды. Онда ол Жезқазған жерінің болашағын дәл болжап, қолмен қойғандай айқын көрсетіп бергенін уақыт дәлелдеп шықты. Ұстазымның ақыл-кеңесі, тәжірибесі мені еңбекпен ұштап, есейтті. Өз мамандығымды еркін меңгеруге, басқару ісіне машықтануға, адаммен сөйлесу, санасу, бірге қызмет атқарудың ең бір озық үлгісін үйретті десем артық болмас. Сөйте жүріп, Қанекең мені өзінің орнына барлау партиясын басқаруға даярлап жүріпті ғой. Оны өзі Алматыға қызмет ауыстыратын болғанда бір-ақ айтты. Бұл тұп-тура Ұлы Отан соғысы басталған күн болатын. Сол 1941 жылдың 21 июні күні Қанекең Қарсақбайдан Алматыға қызмет ауыстыратын болды. Оны өзіміз, яғни, кен барлаушылар Жездінің жағасында атап өтетін болдық. Солай болды да. Аталған 21 июньде өзен жағасында үлкен демалыс жасадық. Барлаушылар үшін далада демалып, далада түнегеннен артық бақыт бар ма?! Ертесіне үйге келгенде Ұлы Отан



соғысы басталғанын естідік. Мен оқу бітіргенде соғыс бола қалған жағдайда ешбір шақырту қағазын күтпестен әскери комиссариатқа шұғыл жету туралы берген антым бар болатын. Сондықтан шақыртуды күтпестен аудандық әскери комиссариатқа баруға түнімен дайындалып, жолқапшығымды өзірледім. Менің бұл тірлігімді естіген Қанекең: «Жоқ, сен Қарсақбайда қаласың. Менің орнымды сен ғана басуың керек. Соғысқа бармайсың», – деп, ертеңіне ісқағаздарды қабылдауды тапсырды. Бірақ менің әскери борышым бар емес пе? Қанекеңе айтпастан, ертеңіне кен барлау кеңсесіне емес, әскери комиссариатқа тіке тарттым. Барсам, әскери комиссар: «Василий Иванович, аудандық партия комитетінің бірінші хатшысына жүріңіз», – деді. Қанекеңнің тапсырмасы екенін біле қойдым. Аудандық партия комитетінің бірінші хатшысының кабинетінде хатшымен бірге Қанекең қарсы алды. Хатшы сөзге келген жоқ, бірден-ақ: «Василий Иванович, соғысқа мен кетермін, бірақ сіз қаласыз. Елімізге мыс керек. Мыс кенін молайтатын маманды соғысқа жібермейміз, Қанекең сізді осында қалдыру туралы Алматыға дейін шығып, мәселені солай шешті. Басқа сөз болуға тиіс емес. Алматыға Қанекең керек, ал Қанекеңе сіз керексіз», – демесі бар ма. Не дейін? Келіскеннен үнсіз төмен қарадым. Иығымдағы жолқапшығым сырғанап жерге түсті. «Ал қалай, батыр? – деп Қанекең күліп қолын созып, – Жүр, кеттік, кеңсені қабылдап ал», – деді. Мен оның соңынан еріп кеңсеге келдім. Сол күні-ақ Қанекем Алматыға жүріп кетті.

Кен барлау ісі бұрынғыдан бетер өріс алды. Фашист басқыншылары басып алған жерде марганецтің мол қоры қалды. Оқ өтпес қалқанға құяр марганец ауадай қажет. Алматыдағы Қанекемде де маза жоқ. Бізде де. Екеуіміздің сәлемнен соңғы сөзіміз Жезді өңіріндегі марганец кенінің қоры, оны нақтылау болатын. Алдымен өзімізді өзіміз сендіру, содан кейін Үкімет алдына мәселе қою еді. Қанекемнің тапсырмасымен Жезді бойындағы келісілген жерді тез арада барлап, мәліметті Қанекеме тапсырдым. Өзі де біліп, көзі жетіп жүрген

жағдайға Қанекем өте риза болды. Сөйтіп, Жезді жерінен марганец кенін шұғыл ашу жөнінде мемлекет алдына ұсыныс жасалды. Сөйтіп, Ұлы Отан соғысы жеңісінің тарихында Жезді кені өзіндік орын алатын дәрежеге жетті. Бас-аяғы 38 жұмыс күні ішінде Жезді марганец кені ашылып, пайдалануға берілді. Бұл кезде біздің барлау ісіміз Ұлытау-Жезқазған аймағының басқа бөлігін зерттей бастады. Қаныш Имантайұлының бастап, бізге сызып қалдырған тапсырмасы негізінде Қорғасын кені, Ешкіөлмес асбесті, Қияқтының көмірі, т.б. кен орындары белгілі болды. Сол бір қысылтаяң шақта Қанекем біздің ісімізден көз жазған жоқ. Әр жұмыс қорытындысы туралы ұстазыма есеп беріп отырдым десем артық болмас. Бірақ шындық солай. Қай бағытта, қай жерде, қандай істер атқарғанымызды ол біліп қана қоймайтын, әрі қарай не істейтімізге кеңес беретін. Кейде өзі келіп, көзімен көріп қайтатын. Кен барлаушысының брезент пешпентін киіп, белге белбеуін байлап, қайласын қарына іліп жорыққа шыққанда баяғының алып батырларын көз алдыма келтіргендей болатынмын. Шынында да, оның алып тұлғасы кен барлаушысының жорық киімін кигенде бұрынғыдан да тұлғаланып, биіктей беретін. Өзі де іске ерекше бір құлшыныс, ынта-ықыласпен араласатын. Сөйте жүріп, біздерге Жезқазған жері, кен қоймасы, оның болашағы туралы сендіре әңгімелейтін. Ұлы Отан соғысы жеңіспен аяқталғанда қуанбаған жан болған жоқ. Көппен бірге Қанекем де қуанып: «Жеңіске Жезқазған мысы да үлес қосты!» – дегені әлі есімде. Сол бір ауыз сөз осы өңірдегі азаматтардың ұйқысыз-күл-кісіз, тынымсыз атқарған еңбегіне берілген үлкен баға екенін жүрегімізбен, жанымызбен сезіндік. Сонда оған «Бұл – Сіздің еңбегіңіз» деп айтпаған екенмін деп те өкінемін. Бірақ Жезқазған жерінің бағын ашып, байлығын тасытқан ұлы адам ондай қолпаштаусыз-ақ, өз еңбегінің бағасын өзі біліп тұрғанын іш біліп, жүрек сезіп тұрды. Ел тынышталып, бейбіт өмір қайтадан өз арнасына түскенде де кен барлаушылар ісі толастаған жоқ. Кешегі құлан жортқан кең далада келісті қалалар салынып, кербез тұрбалар бой көтере бастады. Кен барлау кеңсесі Жезқазған поселкесіне қоныс аударды. Бүгінгі Сәтбаев қаласының, Жезқазғанның табаны сонда-ақ белгіленген. Біріне бірі ағалы-інідей болып тетелес, тел өсіп келе жатқан қос қала Сәтбаев пен Жезқазғанның бүгінгі келбетін Қанекем сол кезде-ақ болжап, біліп отырды. Ұстазымың ұлағаты болар, соның тәлім-тәрбиесі болар, Жезқазған геологиялық барлау партиясын Қаныш Имантайұлының қолынан қабылдап алғаннан кейін табан аудармай тұп-тура 41 жыл басқарған екенмін. Сол жылдарда үш мың адам, екі мыңға тарта бұрғылау станогы жұмыс істеді. Ал қазір естимін, сол үш мың адамнан – үш жүз, екі мың станоктан екі жүздей ғана қалыпты деп. Бәрі де заман ағымы шығар. Ол – өз алдына әңгіме. Айтайын дегенім – сол 41 жыл басшы орында қызмет атқарғанымда бір адаммен «шөй» десіп қатты сөзге келмеппін. Қаныш мектебінің тәрбиесінің мәні де осын-

да болса керек. Қанекем әрқашан да «Биязы бол, сыпайы бол, кісі көңілін қалдырма» дегенді баса айтып отыратын. Өзі де сондай сыпайы, ілтипатты, ізетті болатын. Сыйласа да, сыйлата да білетін. Қанекем қайбір істе болса да көппен кеңесіп, көптің пікірін біліп, сол арқылы шешім қабылдауды жөн көретін. Ондағысы – өзгең пікірімен санасу, өзіншілдіктен аулақ болу деп білемін.

Өзімнің ұстазыммен соңғы рет 1963 жылы Москвада кездестім. Сол жолы онымен өмен-жарқын әңгімелестім. Әңгіме тақырыбы ҚазССР Ғылым академиясының Жезқазғанда өткен арнайы сессиясынан кейінгі қала кәсіпорындарының жаңалықтары төңірегінде болды. Мен Жезқазғанның бүгінгі келбеті туралы баяндаймын. Ол оны сүйсіне тыңдайды. Ең бір айта кетері, Қанекем Жезқазған атын естігенде ерекше бір нұрланып, шырайланып сала беретін.

Ұлы ғұлама туралы әңгіме аз айтылып жүрген жоқ. Бірақ әр жолы өз жеріне жетпегендей болады да тұрады. Енді қалай, ұлы адам туралы әңгіме бір ғұмырға сыймаса керек. Әрі оның әр қыры әр жағынан айшықты да айрықша көрінеді. Ал ұлылықты даралай дәріптеп шығу тіптен де мүмкін емес екен. Оны мен өзімнің Ұлы Ұстазым Қаныш Имантайұлымен мәңгілікке қоштасқаннан кейінгі жылдары айқын сезініп келемін. Онымен соңғы рет Москвада кездескенде де: «Василий Иванович, өзің келіп, Алматыға алып қайтарсың. Содан кейін екеуіміз Жезқазған жерін еркін бір аралайықшы», – деген еді. Айтқанындай-ақ, оны Москвадан Алматыға мен алып қайттым. Бірақ бұл жолы Қанекем мырышпен қапталған табытта жатты. Сөйтіп, 1964 жылы 31 қаңтарда алып жүрек соғуын тоқтатты. Сонда жан-жүрегім жүдеп, жабырқап отырғанымда да оның «Үлкен Жезқазғанда үлкен өмір басталады» деген бір ауыз сөзі ойымнан шыққан жоқ. Енді бүгін қарап отырсам, ұлы ғалымның сол сөзі шындыққа шыққандай. Үлкен Жезқазғанда үлкен өмір – Қанекемнің өлмес өмірі жалғасқанын көз көрді.

Кешегі өзі бұрғы салған сайын дала төсінде оның есімінде кенішті қала, елді мекен өсіп шықты. Ал оның ізін басқан ізбасарлары қаншама! Осы ретте ел құрметтеп, мені «Ғалымның шәкірті» деп қадірлеп жатқанда, «Қанекем өмірімен қарыздармын» дегенді қайталай беремін. Өзім жайлы әңгіме бастасам да, сөзді Қанекемге тірмей өте алмаймын. Неге десеңіз, менің өмірімнің ұзын-ырғасы сол бір Ұлы адаммен байланысты, сабақтас, соның бір бөлшегі іспеттес. Социалистік Еңбек Ері атанып, еліміздің Құрметті геологы атағына ие болдым. Әрине, осының бәрі Ұлы ұстазымың ізгілігінің шапағаты дер едім. Сондықтан да мен оған өмір бойы қарыздармын. Ол бар білгенін маған үйретіп кетті. Бүгінде жасым 86-ға қарап тұр. Осынау белестерде Қанекем есімі мені бір биіктен бір биікке жетелеп, көтеріп кеткендей әсер береді.

**Жазып алған
Батырбек МЫРЗАБЕКОВ,
«Сарыарқа», 28.02.1996 жыл.
(«Жүректерде жанған
жұлдыз» кітабынан)**

► АҚЫНДАР ЖЫРЛАЙДЫ ҚАНЫШТЫ ЭН ҚАНАТЫНДА

Қанекем сегіз қырлы, бір сырлы болатын. Баянауыл, Семей өңірінің әндерін керемет орындаушы еді. Қаныш Имантайұлының әнге әуестігі де – атаның қанымен берілген қасиет.

**С. Жаппарханов,
академиктің көмекшісі.**

Қайта жанып кешегі ғұрпым өшкен,
Баянауыл басынан бұлты көшкен.
Өн әуелеп, жаяуы жүйрік мініп,
Ақкелінге бет бұрған, жұрт ілескен.

Пері ме, әлде адамнан
жаралды ма?!
Жанды баурап барады саз сиқыры,
Аққу қонды Ащыға* таң алдында.

Өн бесігі тербетіп Қанышымды,
Жаяудың өні оятты намысымды.
«Бір балаға» қоятын өн салғызып,
Қос етек, бұраң белдер таныс үнді.

Сұлу өнмен қарсы алып
таң самалын,
Өн салады Қаныш, жұрт
тамсанады.
«Бүркітбайды» жіберді сорғалатып,
Осы еді ғой қашаннан аңсағаны.

Ауызданып өнермен бала қыран,
Түлеп ұшты от ойнап балағынан.
Тоғыз перне домбыра қолына
алса,
Өн шырқайды төгілтіп шанағынан.

Жанарына сыйдырып бар алапты,
Көз алдында көсіліп дала жатты.
Жаяу Мұса байлаған көк қаршыға
Қиялында ағындап бара жатты.
Небір дарын сыйлапты дарқан
өмір,
Жұрты жомарт, бұл да
бір арқалы өңір
.Қырдағы ауыл Қанышын
қошеметтеп,
Той боп жатты тамаша Арқада бір.

Өн еркесі аяулы «Мақпал» екен,
Алма мойын, ақ жүзі – ақ таң екен!
Деміп жұтып, әлеумет
қостап қойды:
«Қандай ана, шіркін-ай,
тапқан екен!?»

Өнге салды: «Бір қыз бар
Маралдыда...»

* Ащы – өзен атауы

ҚАНЫШ ҚАЙТА ОРАЛДЫ

(Еңселі ескерткіш бой көтергенде)

Дарқан далам сәуірде балқып жатты,
Ел көңілі еңселі, шалқып жатты.
Қаламызға Қанышым қайта оралып,
Шаттығымның қаймағын қалқып жатты.
Осы еді ғой арманым айдан аппақ,
Қалың жұрт жүр Қанышын айналақтап.
Тұу алыстан төбеме Ай қонақтап,
Қуаныштан Күн нұры аймалап қап.

Дидарынан Қаныштың құйылып нұр,
Естір құлақ, көрген көз сүйініп тұр.
Көктемеде түлеген қалама кеп,
Бар тіршілік тамылжып сиынып тұр.

Арқадағы мыс шаһар – күміс кемер,
Қанышымен құт қонып, ырыс келер.
Кенші қауым, сүйініші!
Қаныш данам
Еңбегіңе екпінді тыныс берер!

ҚАНЫШТЫҢ ҚАЛАСЫ

Түледі түз де, керім бел,
Көз салып қайта қарашы.
Керілген Кеңгір төрінде
Құлпырды Қаныш қаласы.

Бұрқағы көкке өрлесе,
Сарқырамасы сән берген.

Тал-терек – көркі көшенің,
Тербеле көзді тартады.
Жапырақ-жүрек неше мың,
Сыбдырлай иек артады.

Кешқұрым үні кернейдің
Думанға бөлдер маңайын.
Әуелеп ән-күй тербейді
Шынболат жырау сарайын.
Сән құрып жастар жатады,
Самалды кеште табысқан.
Жас жұбайлар тұр бата алып
Ардағы – абыз Қаныштан.

Алаңның аты – Кеншілер,
Демалыс орны тұрақты.
Көк желек гүлді көркімен,
Жұмақтың төрі сияқты.

Кеншілер елі осындай,
Ағызған мыстың бұлағын.
Ақын тұр жыры жасындай,
Жүректе тулап жыр-ағын

Мейірім-шуақ көл-көсір,
Кептерлер мұңсыз дән терген.

Амангелді БҰҚАР

ТӨРЕЛІК

АЗАМАТТЫҚ ТАЛАПТЫ ҚЫЛМЫСТЫҚ ПРОЦЕСТЕ ҚАРАУДЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ

Қылмыстық процесте жеке және заңды тұлғалардың тікелей қылмыстық құқық бұзушылықпен немесе есі дұрыс емес адамның қоғамға қауіпті іс-әрекетімен келтірілген мүлкітік және моральдық зиянды өтеу туралы, сондай-ақ жәбірленушіні жерлеуге, емдеуге кеткен шығыстарды, оған сақтандыру өтемі, жәрдемақы немесе зейнетақы ретінде төленген сомаларды, сондай-ақ өкілдік етуге жұмсалған шығыстарға қоса, анықтау, алдын ала тергеу ісін жүргізуге және сотқа қатысуға байланысты шеккен шығыстарды өтеу туралы азаматтық талап қоюлары қаралады.

Қылмыстық іс бойынша берілген азаматтық талап қоюды дәлелдеу осы Кодексте белгіленген қағидалар бойынша жүргізіледі.

Егер азаматтық талап қоюға байланысты туындаған құқықтық қатынастар осы Кодексте реттелмеген болса, онда азаматтық іс жүргізу заңнамасының нормалары осы Кодекске қайшы келмейтін бөлігінде қолданылады.

Егер, осы баптың бірінші бөлігінде көрсетілген тұлғалар қылмыстық іс бойынша іс жүргізу барысында азаматтық талап қоймаса немесе оны қойғаннан кейін кері қайтарып алса немесе оны сот қараусыз қалдырса, олар оны азаматтық сот ісін жүргізу тәртібімен қоюға құқылы. Талапкердің азаматтық талап қоюды кері қайтарып алу туралы немесе оны қараусыз қалдыру туралы арызсын сот осы Кодекске және азаматтық іс жүргізу заңнамасының нормаларына сәйкес шешеді.

Азаматтық талапты қылмыстық құқық бұзушылықпен немесе есі дұрыс емес адамның қылмыстық жазаланатын іс-әрекетімен тікелей мүлкітік немесе моральдық зиян келтірілген тұлға не оның өкілі сотқа дейінгі тергеп-тексеру басталған кезден бастап сот тергеуі аяқталғанға дейін қоюы мүмкін.

Салдарында адам қайтыс болған қылмыстар туралы істер бойынша азаматтық талапты қайтыс болған адамның осы Кодексте көзделген жәбірленуші құқықтарын жүзеге асыратын жақын туыстары, жұбайы (зайыбы) қоя алады.

Азаматтық талап күдіктіге, айыпталушыға, сотталушыға немесе оның әрекеттері немесе есі дұрыс емес адамның әрекеттері үшін материалдық жауаптылықта болатын тұлғаларға қойылады.

Азаматтық талап қойған тұлға азаматтық талапкер деп, өзіне талап қойылған тұлға азаматтық жауапкер деп аталады. Көрсетілген тұлғалар қылмыстық іс бойынша іс жүргізу барысында процестік құқықтарды пайдаланады және осы Кодексте азаматтық талапкер мен тиісінше азаматтық жауапкер үшін белгіленген процестік міндеттерді көтереді.

Талапкер қылмыстық істе азаматтық талап қойған кезде мемлекеттік баж төлеуден босатылады.

Азаматтық талап қоюдың соттылығы ол берілген қылмыстық істің соттылығымен айқындалады және қылмыстық іспен бірге қаралады.

Азаматтық талап қою азаматтық сот ісін жүргізу тәртібімен қаралатын талап қоюларға қойылатын талаптарға сәйкес жазбаша нысанда не электрондық құжат нысанында қойылады.

Күдікті адамның анықталмауы қылмыстық істе азаматтық талап қоюға кедергі болмайды.

Азаматтық талап қоюдың негіздерін және талап қою талабының мөлшерін нақтылау қажет болған кезде тұлға талап қоюды толықтыруға құқылы.

Қылмыстық қудалаудан артықшылықтарының немесе иммунитетінің болуына байланысты күдікті деп танылуға жатпайтын адамға азаматтық талап азаматтық сот ісін жүргізу тәртібімен қойылуы мүмкін.

Қылмыстық істе қойылған азаматтық талапты қарау кезінде залалды өтеу негіздері, шарттары, көлемі мен тәсілі азаматтық, еңбек және басқа да заңнама нормаларына сәйкес айқындалады.

Азаматтық талапкер қылмыстық процестің кез келген сатысында талап қою арызсын қайтарып алу туралы мәлімдеуге құқылы. Талап

қою арызсын қайтарып алу туралы мәлімдеме жазбаша түрде не электрондық құжат нысанында беріледі және қылмыстық іске қоса тігіледі. Егер талап қою арызсын қайтарып алу туралы мәлімдеме сот отырысында мәлімделсе, онда ол сот отырысының хаттамасына енгізіледі.

Азаматтық талапкердің қылмыстық іс бойынша сотқа дейінгі іс жүргізу сатысында талап қоюдан бас тарту туралы арызсы жазбаша түрде не электрондық құжат нысанында беріледі және қылмыстық іс материалдарына қоса тігіледі. Егер азаматтық талапкердің талап қоюдан бас тартуы сот отырысында білдірілсе, онда ол сот отырысының хаттамасына енгізіледі.

Сот талап қоюдан бас тартуды сот талқылауының кез келген сәтінде, бірақ сот үкімді қаулы ету үшін кеңесу бөлмесіне кеткенге дейін қабылдайды.

Сот талап қоюдан бас тартуды қабылдағанға дейін азаматтық талапкерге талап қоюдан бас тартуды қабылдау ол бойынша іс жүргізуді тоқтатуға әкеп соғатынын және нақ осы тараптар арасындағы нақ осы нысана туралы дау бойынша және нақ осы негіздер бойынша, оның ішінде азаматтық сот ісін жүргізу тәртібінде, сотқа қайталап жүгінуді болғызбайтынын түсіндіруге міндетті.

Егер азаматтық талапкердің талап қоюдан бас тартуы заңға қайшы болса немесе кімнің болса да құқықтарын және заңмен қорғалатын мүдделерін бұзатын болса, сот бұл әрекетті қабылдамайды.

С.ИСАБАЕВ,
Сәтбаев қалалық сотының судьясы

ӘЙЕЛДЕР ҚЫЛМЫСҚА НЕГЕ БАРАДЫ?!

Елдігіміздің басты құндылығы- адам. Сондықтан да, мемлекет олардың қауіпсіз өмір сүруін қамтамасыз етуге міндетті. Алдайда, заң шеңберінен, тәртіп шегінен шығып, өздерінің ғана емес, өзгелердің де өміріне зиян келтіретін азаматтарымыз да бар. Сәтбаев қалалық соты өз қызметінде сот төрелігін жүзеге асырумен ғана шектелмей, қылмыстың себеп-салдарын саралап, олардың алдын-алу мақсатында тиісінше іс-шараларды ұйымдастыру, соның ішінде БАҚ арқылы барша халық алдында өзекті мәселелерді ашық талқыға салу, жариялылықпен қамтамасыз ету жұмыстарын атқарып келеді.

Соңғы жылдары қалалық соттарда әйелдер тарапынан жасалған қылмыстар арта түсуде.

Қазақ халқында әйелді - бір қолымен бесікті, бір қолымен әлемді тербететін мейірімділіктің, ұрпақтың бойына жақсы қасиеттерді дарытатын ізгіліктің иесі деп атайтын. Алайда, аналардың, қыз-келіншектердің осы сенімнен шығып, қылмысқа баруы жан ауыртады. Әйелдердің жасаған қылмыстарының көпшілігі қоғамдық-экономикалық сипаттағы зорлық-зомбылыққа жатпайтын қылмыстар болып келеді, яғни оларға алаяқтық, пара алу, сеніп тапсырылған мүлкіті иеленіп кету, экономикалық контрабанда, жезөкшеліпен айналысатын орындар ұйымдастыру, нашақорлық, адам өлтіру тағы да басқа қылмыстар жатады.

Әйелдердің қылмысқа бару жағдайлары көбіне тұрмыс зарда-

бына байланысты болып келеді, өйткені күнделікті өмір көрсетіп отырғандай, кейбір еркектер отбасын бағу, асырау сияқты өздеріне тиесілі міндеттерін атқара алмайды. Осындай кезде әйел адамдар бөлін буып, отбасын асырау қамына кірісіп кетеді.

Қылмыс жасаған әйелдердің көбісінің кәмілет жасқа толмаған балалары болады. Сондықтан, ауыр, аса ауыр қылмыс жасаған әйелдердің қылмыс жасап, заңбұзушылыққа бар себептерін тиісті деңгейде зерттеп, объективті баға беріп, қылмыс астарына терең талдау жасап, істің мән-жайын толық жан-жақты зерделеп барып шешім қабылданатыны белгілі.

Әйелдерге қатысты қылмыстың кеңірек белең ала бастауының басты себебі қоғамымыздың дамуына жаңа құндылықтардың енуінде, оның ішінде материалдық

құндылықтардың ерекше орын алуында жатса керек. Еліміздің даму жолында әйелдер қоғамдық қатынастарға белсенді араласа бастады. Нарықтық қатынасқа берік бағытталған қоғамымызда отбасылық қатынастардың әлсіреуі, жұмыссыздық, есірткі, маскүнемдік секілді жағымсыз құбылыстардың көбеюі қылмыс түрлерін, соның ішінде, әйелдер қылмысының санын арттырып отыр.

Осы себепті де, қоғамымыздағы әйелдердің жалпы рөлімен қатар, әйелдер қылмысын болдырмаудың барлық шараларын, гендерлік саясаттың қуатын арттырудың жолдарын қолға алған жөн.

С.БУХАРОВА,
Сәтбаев қалалық сот
өкімшісінің басшысы

ЗНАЕТЕ ЛИ ВЫ ЗАКОН?

ДАЧА ЗАВЕДОМО ЛОЖНЫХ ПОКАЗАНИЙ В СУДЕ

Задача судов состоит в том, чтобы на основе закона обеспечить всестороннее, полное и объективное исследование материалов каждого уголовного дела, справедливое судебное следствие и вынесение по ним законного, справедливого решения.

Правильное разрешение дела должно быть основано только на фактических данных, устанавливаемых показаниями подозреваемого, обвиняемого, подсудимого, потерпевшего, свидетеля, имеющего право на защиту, заключением эксперта, вещественными доказательствами, протоколами процессуальных действий и иными документами.

Остановившись на показаниях свидетелей следует отметить следующее.

В качестве свидетеля для дачи показаний может быть вызвано и допрошено любое лицо, которому могут быть известны какие-либо обстоятельства, имеющие значение для дела.

Законом на свидетеля возложена обязанность явиться по вызову в суд и дать правдивые показания.

Свидетель вправе отказаться от дачи показаний против самого себя, его супруги (супруга) и близких родственников, а священнослужители – от дачи показаний также против доверившихся им на исповеди. Также свидетель имеет право давать показания в присутствии своего адвоката.

В суде свидетельные ответы предупреждаются об ответственности за дачу заведомо ложных показаний, кроме того перед тем как дать показания в соответствии со статьей 370 Уголовно-процессуального кодекса Республики Казахстан (далее - УПК) свидетель приносит суду клятву следующего содержания: «Я клянусь суду рассказать все известное мне по делу, говорить только правду, всю правду и ничего, кроме правды». У свидетеля отбирается подписка о том, что ему разъяснены его обязанности и ответственность.

Показания свидетелей являются одним из важных средств доказывания обстоятельств дела и установления истины, именно свидетели, как правило, располагают важными для дела данными об обстоятельствах совершения преступления и причастных к ним лиц, и их показания могут иметь существенное значение для установления истины по делу.

Заведомо ложные показания свидетелей заключается в искажении сообщаемых ими сведений о фактах и обстоятельствах, подлежащих доказыванию и имеющих существенное значение по уголовному делу, а также в форме

отрицания известных им фактов, имеющих место в действительности. Такие сведения могут быть как обвиняющего, так и оправдывающего характера.

Заведомо ложные показания опасны тем, что дезориентируют собой лиц, ведущих дознание, следствие или судебное разбирательство, направляют их по ложному пути и приводят к нарушениям законности.

За дачу ложных показаний, отказ от дачи показаний свидетель несет уголовную ответственность, предусмотренную статьями 420, 421 Уголовного кодекса Республики Казахстан (далее - УК).

Так, согласно санкции статьи 420 части 1 УК заведомо ложные показания свидетеля, потерпевшего либо заключения эксперта, специалиста в суде либо в ходе досудебного расследования, а равно заведомо неправильный перевод, сделанный переводчиком в тех же случаях, а также при исполнении исполнительных документов ограничением свободы на срок до шести лет либо лишением свободы на тот же срок.

Согласно части 2 данной статьи те же деяния, совершенные по уголовному делу о коррупционном, тяжком или особо тяжком преступлении либо из корыстных побуждений, – наказываются лишением свободы на срок от пяти до десяти лет.

Данное преступление в виде даче заведомо ложных показаний с субъективной стороны может быть совершено только с прямым умыслом, то есть свидетель осознает общественную опасность своих действий, осознает ложность своих показаний, предвидит наступление общественно опасных последствий и желает совершить указанные действия.

Таким образом, свидетель, дающий показания в суде либо в ходе досудебного расследования должен помнить свой гражданский долг и обязанность давать правдивые показания по делу, поскольку от этого зависит установление истины. А за заведомо ложные показания по закону наступает уголовная ответственность, которая предусматривает наказание также в виде лишения свободы.

Г. ИСКАКОВА,
судья
Жезказганского городского суда.

ЖАСТАРДЫҢ ҚОҒАМДАҒЫ РӨЛІ...

Жаңа Қазақстанның дамуына жастардың рөлі маңызды. Жастар дегеніміз кімдер?

Жастар – кез келген қоғамның болашағы мен қозғаушы күші. Бұл оймен дауласудың өзі артық, себебі қоғамның ілгері дамуының бірден бір факторы. Қазіргі уақытта жастардың жас ерекшелік аралықтары 14 жастан 35 жасқа дейін, 2023 жыл мәлеметіне сүйенсек елімізде 5,7 млн-нан астам Жастар бар. Қазіргі уақытта Жастардың саны одаңда жоғары.

Ал, қоғам дегеніміз ше? Бұл сұраққа жай ғана жауап беру негізінен қиын.

Қоғам - мәдениеті ортақ, өздері бір ортада тұратын, біртұтас өзгеше адамдар тобы, яғни қазіргі уақытта өмір сүріп жатқан біздің ортамыз, еліміз, мемлекетіміз. Қоғам- адамның өмір сүру тәсілі. Қоғамсыз адам жоқ, ал адамсыз қоғам жоқ. Ал, сол айтып отырған адамның әрбір екіншісі елімізде ол – Жастар! Еліміздің дамуына орасан зор ықпалымен санала ортаны қалыптастырып, жаңа бағатта дамуының кепілі екені айдан анық.

Балам деген ел болмаса, Елім дейтін бала қайдан шықсын демекші, енді сол қоғам, еліміз жастарға не жағдай жасап жатыр? Жастар мен қоғамарасында санала ортаны қатынас, байланыс бар ма? Деген сұрақ мазалайды жауабын тауып көрсек.

Қоғамды ілгері дамытатын ол – инновация, жаңа идеялар мен саналы орта. Осылардың барлығы тек білімді мен білікті жастардан шығады. Елімізде осы тұрғыдан орта мен жоғары білім беру саласына ерекше қолдау жасауда, білімге құштар жастарға білімі мен ғылымды тереңдетілген мектептер, қаламызды айтсам робототехника саласы бойынша, мектеп пәндері олимпиадалары бойынша алдыңғы қатарда.

ҰБТдан кейінгі оқуларға көптеген Гранттар, «Серпін», «Болашақ» бағдарламасы, жас маман иелеріне «Ауылға дипломмен», моно қалаларға арнайы бағдарламалар жасалған. Кадрлік резерв мүмкіншілігі өте керемет. Әрине қолдана білгенге тамаша мүмкіндік.

Дені саудың - төні сау демекші, кез



келген мемлекетке жататын спорт мектептерінде, жастарға тегін спорт секцияларының есігі ашық. Қаншама жастарымыздың бақтары жанып, еліміздің көк туын халықаралық аренада желбіретуде.

Мәдениет саласын да тыс қалдыруға болмайды. Талантты жастарға әрдайым жұлдыз болу мүмкіндігі бар. Қаламызда жастарға арналған қалалық, облыстық, Республикалық, Халықаралық ән, би байқаулары, Республикалық деңгейдегі жас ақындар, жыр-термешілер, Жайдарман ойындары т.б. бағыттағы іс- шаралары жасалынып жатыр.

Бұл әрине ерекше білім мен спорт, өнерге икемі бар таланттар үшін үлкен жетістіктерге жетудегі алғашқы қадамдарына мемлекет жағынан керемет қолдау деп түсіну керек.

Бұл бағытты емес бизнес дегендерге де жол ашық. Өз кәсібін дөңгелетем деушілерге қала, облыс әкімдерінің гранттары, одан қалды аз мөлшердегі пайызбен несие беру қарастырылған. Керемет жоба болса, сәттілігін серік болса, тек алға! Баяғыда бұндай бізде мүмкіндіктер болмаған, болса да тек үлкен қалалар үлесінде.

2022 жылы Республика бойынша «Шағын орта бизнеске ең қо-

лайлы қала» мүмкіндіктер мекені номинациясының жеңімпазы Сәтбаев қаласы болып, Президентіміздің қолынан алған марапат осының дәлелі, сол бизнес өкілдерінің 70 пайыздан астамы жастар.

Жастармен үнемі тығыз байланыста болатын «Жастар ресурстық орталығы», қаламыздың дін орталығы, жұмысшы жастармен «Jastar Bolashaq» және т.б. ұйымдар мен мекемелер Жастар саясатын алға жүргізілуде.

Бұл енді азын аулақ мысалдар ретінде, ал айтылмағандар қаншама. Елімізде жас буынға қолдау жасалып жатқанын көруге болады. Әрине кемшіліктер жоқ емес бар, бірақ көш жүре түзеледі деген бар.

Осының барлығы Жастар үшін жасалып жатқанын ескерсек, болашақта осы Жастар еліміз үшін, жалпы тұрып жатқан қоғамымызға өз пайдасын тигізери сөзсіз. Біздің елде, біздің қалада-Жастардың рөлі ерекше! Ерекше Жастарға ерекше көңіл бөліп отырған Еліміз аман жұртымыз тыныш болсын!

Батырлан СЕЙТЖАПБАРОВ,
Сәтбаев қаласы
маслихатының депутаты,
ақпараттық түсіндіру
тобының мүшесі

ЖАРНАМА ЖАСАУ ДА – ӨНЕР

Жарнама – белгілі бір затты, қызметті елге таныту, насихаттау, оларға деген сұранысты күшейту мақсатымен жарияланған хабарлама жиынтығы. Жарнамада ұлттық мәдениеттің белгілері көрсетілуі қажет. Ұлттық мәдениеттің танылуы тілдің ұлттық белгілері: сөз қолдану, грамматикалық заңдылығы, нормалары игерілгенде көрінеді.

Қазақстан Республикасы Конституциясы бойынша бекітілген мемлекеттік тілдің мемлекеттік мәртебесін қолдау мен қорғау – әрбір Қазақстан азаматының парызы мен міндеті. Осы жауапкершілікті түсінген кезде сауатсыз, қате жарнама мен ақпаратқа бейжай қарамайтымыз анық. Мемлекеттік тілді дамыту, оның күнделікті өмірде қолдану аясын кеңейту үлкеннің де, кішінің де парызы, мықты мемлекет болудың кепілі.

Көрнекі ақпарат пен сыртқы жарнамада Қазақстан Республикасы заңдарына сай болуы маңызды. Тіл және жарнама туралы заңнама талаптарының сақталуы – кәсіпкерлердің беделін асырады. Мемлекеттік тілдегі сауатты жарнама табысын арттырады және уақытын үнемдеп қоймай, қаржысын да үнемдейді. Сауатты жарнама мен сапалы маркетинг – табыс кепілі.

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 19 желтоқсандағы «Жарнама туралы» Заңының 6-бабы: жарнамаға қойылатын жалпы талаптар.

1. Жарнама, электрондық комиссия саласын қоса алғанда, таратудың, орналастырудың нысанына немесе пайдаланылатын құралына қарамастан, анық, тікелей ұсыныту кезінде арнаулы білімсіз немесе арнайы құралдарды қолданбай танылатын болуға тиіс.

2. Қазақстан Республикасының аумағындағы жарнама (мерзімді баспасөз басылымдарын, интернет-ресурстарды, ақпараттық агенттіктерді қоспағанда) қазақ тілінде, ал жарнама берушінің қалауы бойынша орыс тілінде және (немесе) басқа тілдерде де таратылады. Жарнама мазмұнының аудармасы оның негізгі мағынасын бұрмаламауға тиіс. Жарнама мәтіні «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының талаптарына сәйкес келуі тиіс.

Ақнұр МАҚСҰТҚЫЗЫ,
«Сәтбаев қаласының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» ММ әдіскері

ДЕНСАУЛЫҚ – ЗОР БАЙЛЫҚ

КӨКЖӨТЕЛ ДЕГЕНІМІЗ НЕ?

Көкжөтел (лат.pertussis) – жоғарғы тыныс жолдарының шырышты қабығын зақымдайтын және жедел таралатын, көбінесе 8 жасқа дейінгі балаларда болатын жұқпалы ауру. Бұл пневмония, мидың зақымдануы немесе инфекциядан өмірге қауіп төндіретін басқа асқынуларды дамытатын нәрестелер үшін ең үлкен қауіп төндіреді. Көкжөтел көбінесе мектеп жасына дейінгі балаларда диагноз қойылады, бірақ инфекция ересек пациенттерде де болуы мүмкін. Науқас адам патологияның алғашқы белгілері пайда болған сәттен бастап 25-30 күн бойы басқа адамдарға жұқтыруды жалғастырады. Вакцинациядан кейін көкжөтел инфекциясы әдетте өткір белгілерді тудырмайды. Көкжөтелді емдеу дәрі-дәрмектерді және қалпына келтіретін терапияны тағайындауды қамтиды. Bordetella pertussis бактериясы адамдар арасында ауа тамшыларымен қозғалады. Науқас адамға жөтелу немесе түшкіру

жеткілікті.

Көкжөтел белгілері. Аурудың белгілері бірнеше күннен екі аптаға дейін созылуы мүмкін. Аурудың бірінші кезеңі құрғақ жөтелмен, дене температурасының аз дап жоғарылауымен және мұрыннан су ағуымен сипатталады.

Басқа да белгілері:

- Дем алу кезіндегі ысқырықты дыбыс;
- Кеудедегі жағымсыз сезімдер;
- Тамақтың тіркенуі;
- Жөтел кезінде ауаның жетіспеушілігі н сезіну;

• Түнде жөтелдің күшеюі;

• Әлсіздік пен шаршау;

• Мазасыздық;

• Тәбеттің нашарлауы;

Көкжөтелдің пайда болу себептері. Ауа арқылы жұғу бактериялардың жөтел және сөйлесу кезінде бөлінетін сілекей арқылы таралуын қамтиды. Осыған байланысты ауру науқаспен байланыста болған

барлық адамдарда пайда болуы мүмкін. Көкжөтел әсіресе бала бақшаларда тез таралады. Көкжөтелге қарсы туа біткен иммунитет жоқ, сондықтан барлық адамдар ауруға бейім, алайда вакцинациядан немесе көкжөтел ауруымен ауырған болса тұрақты қорғаныс қалыптасады. Егде жастағы адамдарда көкжөтелдің қайталануы сирек анықталады.

Қауіп факторлары:

• Науқастың жасы 7 жасқа дейін;

• Вакцинацияның болмауы;

• Науқаспен бірге тұру немесе оқу орындарына бару кезінде инфекция тасымалдаушыларымен үнемі байланыста болу;

• Туа біткен немесе жүре пайда болған иммунитеттің бұзылуы. Вакцинация бактериядан өмір бойы қорғауды қамтамасыз етпейді, сондықтан вакцинация кестесіне сәйкес екпе алу қажет.

Көкжөтелдің алдын алу.

• Көкжөтелге қарсы 3 айлығында

жоспарлы екпе алу. Балаға 6 апталық аралықпен үш екпе алу қажет;

• Тыныс алу жолдарының инфекциясының белгілері пайда болған жағдайда дәрігерге уақытылы қаралу;

• Науқас адамдармен қарым-қатынасты болдырмау.

Егер балада көкжөтел белгілері пайда болса, ауруханаға жатқызу қажет болуы мүмкін. Дәрігердің шешімі науқастың жасына және оның жағдайына байланысты. Көкжөтелмен асқынулар келесі диагноздарға айналуы мүмкін: бактериялық пневмония; өкпенің құлауы және бронхит.


Гүлфарида ТӨРЕХАНОВА
«Сәтбаев қаласы санитарлық эпидемиологиялық бақылау басқармасы» ММ эпидемиологиялық бақылау және қадағалау бөлімінің жетекші маманы



ОВЕН. Эта неделя будет очень насыщенная на работе. Если вам нужна поддержка, рассчитывайте на помощь семьи. В романтических отношениях будет преобладать женственная энергия. Ваш партнер полностью предан вам и готов следовать вашим планам. Если вы ищете новую любовь, вас ждет успех.



ТЕЛЕЦ. На этой неделе вас ждет большой объем работы, но ее результаты будут заметны уже в середине недели. Вы сможете наконец взяться за все те дела, которые долго откладывали. В этой неделе вы преодолеете все задачи и препятствия, которые казались непреодолимыми.



БЛИЗНЕЦЫ. На этой неделе у Близнецов начинают реализовываться самые грандиозные замыслы, но следует более тщательно планировать свой бюджет. Можно с легким сердцем браться за самые трудные дела, вам все по силам. Сохраняйте спокойствие, несмотря на агрессивность кого-либо из вашего окружения.



РАК. В этой неделе ваш разум будет полон новых мыслей и идей. Используйте свои творческие способности и коммуникативные навыки для развития новых отношений и проектов. На работе коллеги будут в восторге от ваших идей, а также от вашей способности руководить небольшой командой людей.



ЛЕВ. Самые активные дни ожидаются в начале недели. Выходные – самые удачные дни для встреч с друзьями. Сосредоточьтесь сейчас на своих домашних и семейных отношениях. Это может быть идеальное время для углубления связей и разрешения любых недоразумений. Но также будьте открыты для новых возможностей.



ДЕВА. В начале недели складываются благоприятные финансовые условия, которые следует использовать с умом. Вам сделают интересное предложение, которое вы должны принять. Работайте над своим внутренним балансом и личностным ростом. Сосредоточьтесь исключительно на себе и своем здоровье – физическом и психическом.



ВЕСЫ. Весы, на этой неделе самое время обрести гармонию в жизни. Найдите баланс между работой и отдыхом, между личными и профессиональными делами. Золотая середина должна стать для вас сейчас главной целью.



СКОРПИОН. Время больших планов и надежд, однако их реализация потребует больших усилий. Неделя будет очень насыщена событиями и встречами. Руководство поддержит все ваши начинания. Это дополнительный шанс добиться успехов и в личной жизни.



СТРЕЛЕЦ. Наступает время трансформаций и глубоких эмоций. Будьте открыты для перемен и это укрепит вас и подготовит к новым испытаниям. Рассчитывать можно только на свои силы. Не рекомендуется брать займы у знакомых или близких.



КОЗЕРОГ. Вас ждет большая перспектива в карьерном росте – появится шанс повысить свой статус. Однако помните, что успех требует терпения и упорного труда. На этой неделе в вашей жизни произойдет поворот в личной сфере. Вас ждет романтическое знакомство или вы сумеете завоевать сердце того, кто вам симпатичен.



ВОДОЛЕЙ. Вас ждут спокойные и гармоничные дни, когда вы добьетесь успеха во всем, что делаете. Подходите к делам с энтузиазмом, любовью и спокойствием. Успех вас ждет преимущественно на работе, на различных рабочих встречах и собеседованиях. В личной жизни также все складывается удачно.



РЫБЫ. На этой неделе у Рыб интуиция будет очень сильна. Слушайте свой внутренний голос и следуйте за своей мечтой. Вы можете открыть для себя вдохновение и новые направления в своей жизни. Проявляйте открытость к духовным ценностям и состраданию.

СКАНВОРД

Финансовый проверяльщик	Огородное эхомоды	Треугольник с фронта	Цесаревич из Франции		
Небольшая ива	Верный признак осени	"Музыкальное послание" дипломата	Колонна непьющих в пустыне		
Жидкий "Бура-тино"				«Загон» для электричек	
Огородная "колючка"			«Повелитель» цепей		
Колосистый букет	Своя не тянет	Нер. сыгранный Высоцким		Промышленный район Германии	
			Азартная сделка	Рассказ Чехова и Зоценко	
«Боязнь слепка»				Остатки стоптанной обуви	Минерал, фосфат кальция
Шаткая опора девочки с картины Пикассо			«Тарзанка» для мартышек	«Шахта» крота	
				Древнерусская «Кока-кола»	Планета оранжевой пыли
			Вина жителей Содомы и Гоморры	Газовая оболочка кометы	
			Водитель «зеленоглазой» машины	Штат в Бразилии	

Анекдоты, анекдоты...



Палач всю ночь готовился к юбилейной – 1000-й казни, топор наточил до состояния бритвы. Утром на помосте приговоренный кладет голову на плаху, взмах топора...

Приговоренный:

– Что, уже все?

Палач: – Да.

– А почему я ничего не чувствую?

– А ты кивни...

* * *

Идет хозяйка по двору, а там – кот огромный лежит. Хозяйка говорит:

– У-у! Развалился, все у тебя есть – и еда, и вода, ничего не делаешь, целыми днями на солнце греешься! Мне бы такую жизнь! Кот лежит и думает:

– Сына моего утопила, жену мою стерилизовала, меня кастрировала. Тебе бы такую жизнь!

* * *

У женщины средних лет случился инфаркт. Пока врачи боролись в операционной за ее жизнь, она увидела перед собой Бога.

– Это конец? – спросила она.

Бог покопался в своих записях и ответил, что ее время наступит еще через 40 лет, 3 дня и 8 часов...

Очнувшись от наркоза после операции женщина попросила врача, раз уж она все равно в больнице, сделать ей все возможные косметические операции: подтяжку лица, увеличить и поднять грудь, убрать жир на бедрах и животе, и т. п. Перед выпиской из больницы она пригласила косметичку и та сделала ей маникюр, педикюр, и перекрасила ее в блондинку. Не успела счастливая женщина выйти из больницы как ее насмерть сбивает машина скорой помощи...

– Господи, воскликнула женщина снова перед Богом.

– Ты же сказал, что у меня еще 40 лет жизни впереди?

– Ох, извини... не узнал!

Саяси-қоғамдық, танымдық-сараптамалық, ақпараттық-жарнамалық газет

АЙМАҚ АҚШАМЫ

Газет 2016 жылғы 18 қазанда ҚР Ақпарат және коммуникация Министрлігінде тіркеліп, №16179-г куәлігі берілген. 2021 жылғы 29 қазанда ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта есепке қойылған.

Меншік иесі: «ЖК «Дастанов»

Бас редактор: Абдолла ДАСТАНОВ

Тираж 1012 Заказ 520

Газет «ASU» Баспа Үйі ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр Медиа» ЖШС баспаханасында, Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4-үй, басылды. Газет тоқсанына 1 реттен кем шықпайды.

Редакцияның мекенжайы: Ұлытау облысы, Сәтбаев қаласы, Құсайынов көшесі, 8
E-mail: abdolla61@mail.ru

Индекс – 64799

Газеттің басылу сапасына баспахана жауапты.

Жарнама, хабарландырулардың нақтылығына оларды берушілер жауапты.

Мақала авторларының көзқарасы редакция ұстанымымен сәйкес келе бермеуі мүмкін.